

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

# Нашақорлыққа жол жоқ!!!

Баяндаушы: Несіпбай Нариман

Ғылыми жетекшісі: Өскенбай З.М

Алматы 2016 жыл

# Жоспары:

## Кіріспе

1. Нашақорлық
2. Есірткі дегеніміз не?
3. Есірткілер классификациясы
4. Есірткінің қандай түрлері бар?
5. Есірткіге тәуелділік
6. Әсер ету тетігі, есірткінің адам организміне әсері қандай?
7. Қорытынды



# Нашақорлық

- Наркомания (грек тілінен narke – мелшию және mania – ессіздік, құтырыну) – есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру.



- Нашақорлыққа көбінесе жасөспірімдер шалдығады, алайда осы кезеңде ересектер арасында да ескірткіге әуестенетіндер көбейіп келеді.



# Есірткі дегеніміз не?

- **Есірткі** - (narkosis) грекше наркоз, ұйықтату, ұйқы мен ұмыттыру , жансыздандыруды білдіреді.
- **Наркотик** ( гр. *ναρκωτικός* — естен айырылу) — БДСҰ-ның анықтауы бойынша, ауру сезгіштікті жоятын химиялық есірткі.



# Есірткілер классификациясы

Есірткі келтіретін зардабына сай


Ауыр есірткілер

Жеңіл есірткілер



# Есірткінің қандай түрлері бар?

- Токсикомания
- Марихуана
- Героин
- Кокаин
- Экстази



# Токсикомания

- Токсикомания– булармен, газдармен демалу. Токсикоманияның кейбір формалары ароматтық және басқа да заттар, мысалы тұрмыста қолданылатын ацетон, бензол арқылы таралады. Бұл ерітінділер, тазартқыштар, синтетикалық желімдер, никробояулар, дақтарды кетіретін сұйықтықтар және т.б. Үйде негізінен дезодорант-спрей, шашқа арналған лак, жиһазды тазартуға арналған сұйықтық, тырнаққа арналған лак, бензин және т.с.с.
- Токсикоманияның әсерінен бұлшық ет аурулары, жүріс-тұрыс бәсеңдеуі, салмақ жоғалту, бауыр мен бүйрек қызметінің бұзылуы, бас миының және жүйке жүйесінің бұзылуы, еске сақтау, ойлау қабілеттерінің әлсіреуі сияқты ауруларға, ал әрі қарай Асфиксияға (дем алудың қиындауы), естен тануға, комаға және кенеттен қайтыс болуға әкеліп соғады.





# Марихуана

- Марихуана – кептірілген, ұсақ туралған жапырақтың, тұқымдар мен жасыл, қоңыр немесе сұр түсті сора гүлдерінің қосындысы. Марихуана – көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстанда көп таралған заңсыз есірткі.
- Марихуананың ықпалындағы адамның басы айналады, жүрісі бұзылады, үнемі күле береді және есте сақтау қабілеті төмендейді.
- Марихуананы шегуді кейбіреулер денсаулыққа зиян емес деп санайды. Алайда, ол денсаулыққа үлкен зиян келтіреді.



# Героин

- Героин - ең алдымен опий пайда болды, содан кейін одан морфин алынды, одан героин шығарылды. Героин өзінің есірткілік белсенділігімен морфийнен әлдеқайда асып түседі. Ол қыздырғаннан кейін тамырға егіледі, шегіледі, онымен демалады. 2008 жылдың 8 айы ішінде Астана қаласында героиннің дозасын асырып қолданғаннан 19 жастан 30 жасқа дейін 48 адам көз жұмған.
- Нашакорлардың түн ұйқылары бұзылады, артериалдық қан қысымы төмендейді, ине салу нәтижесінен тамырлары тесіледі, бауыры мен бүйректері ауырады, организмі дене және психологиялық жағынан әлсірейді, гепатит пен СПИД-ке шалдығады, ақырында өлімге әкеп соғады.



# Кокаин

- Кокаин – коки өсімдігінен шығарылған, негізінен ақ ұнтақ тәріздес есірткі. Кокаин ұнтағын ұсақтап мұрын арқылы тартады немесе тамырға енгізу үшін езеді.
- Кокаинді тек бай адамдар қолдана алады, себебі оны сатып алу үшін аптасына мың доллардан астам ақша жұмсалады. Оған тез үйреніп кетуге болады. Кокаинді қолданушылар паранойд болып келеді, олар миына қан құйылуынан, жүректің қысылуынан кенеттен өліп кетеді.
- Алғашқы дозадан алған жақсы әсерлерді сезіну үшін кокаинді жиі және көптеп қолдану керек болады. Есірткіні алғашқыда эйфорияны сезіну үшін енгізсе, кейін тек өзін жақсы сезініп, күйзелу немесе шаршаған жағдайын кетіру үшін қолданады. Қолданудың ақыры – сандырақтауға, дем алуының бұзылуына, есінен тануына, ақырында өлімге әкеліп соғады.



# Экстази


● Экстази— 1987 ж. Испанияда болған бір дискотекада «экстази» таблеткасын (метилендиоксиметиламфетамин) музыкамен біріктіруден болған эффект «ашылды». Экстази қолданғаннан кейін жеңілдік сезіледі, күш-қуаты күшейеді, көңіл көтеріп, бірнеше сағат қатарымен шаршамай билеуге болады.

«Экстази» 2 сағаттан 8 сағатқа дейін әрекет етеді. Алайда «Экстазиден» қайтыс болғандардың саны көп. Ол ең қауіпті есірткі құралдарының қатарына саналып, БҰҰ-ның барлық елдерінде тыйым салынған. Осы есірткіні қолданған кезде адамның ми клеткалары, бауыры, бүйрегі бұзылады, жүйкесі бұзылады, тамырлары қысылады, ақырында өлімге әкеліп соғады.



# Есірткіге тәуелділік

- Есірткіні жиі қолданатын адамдарда уақыт өте тәуелділік пайда болады. Әдетте бұл тәуелділік екіге бөлінеді:



# Әсер ету тетігі

- Барлық есірткілер тура немесе жанама түрде постсинаптикалық нейрондардың құрамындағы дофамин немесе серотонин сияқты нейромедиаторлардың ағындарын 5 – 10 дейін жоғарылатып, миды улауға арналады. Нейромедиаторлардың ағындарының жоғарылауы оқу, білім алу процесіне әсер етіп, адамда уақытша рахаттану сезімін тудырады

# Есірткінің адам организіміне әсері қандай?

- Адам организіміне түсетін барлық есірткі түрлері қанарқылы адамның барлық дене мүшесіне әсер етеді. Оның қызметін бұзады, уландырады. Есірткіні алғаш қолданған адамның басы қатты ауырып, әлсіздік басады. Есірткі анда – санда қолданатындардың іші өтеді, асқазаны ауырады, тамаққа тәбеті болмайды, жиі құсады, аяқ – қолдарының сіңірі оқтын – оқтын құрысады. Тері, жұқпалы ауруларымен жиі ауырады.

- Тері ауруларына, жұқпалы жыныс ауруларына, өкпе қабынуына шалдығады. Тамаққа тәбеті жоғалады, жиі шөлдейді. Олардың көз жанары солғын болады. Есірткіні жиі қабылдайтындардың миы әбден есірткіге үйреніп кетеді, тиісінше мидағы эндорофин заттары оған үйренеді де жүйке жасушаларын өлтіре береді. Адамның миы ештеңеге зейін қомайтын, әлсіз болып қалады.









2005 © "Faces of Meth"



7 months later



2005 © "Faces of Meth"



1 year, 5 months later



2005 © "Faces of Meth"



6 months later



2005 © "Faces of Meth"




3 years, 5 months later



# Қорытынды

- Есірткіні ермек үшін пайдаланып көргісі келгендер азап торына қалай түсіп қалғанын өзі де білмей қалады. Нашақорлар – ауру адамдар, олар есірткі заттар үшін түрлі қылмыстар жасайды. Есірткі зат нашақордың барлық ақыл - ойын билеп алады.
  - “Ұрла, өлтір, алда, әйтеуір мені қолға түсір, әйтпесе мен сенің жаныңды қинаймын” – деп жанын қысқанда, ол өзінің не істеп қойғанын білмейді.
  - Сондай кезде өзінің туған ата - анасына да құрбан етіп, есірткінің әмірін орындайды.



**STOP**



- Нашақорлық қоғам дерті. Нашақорлықпен күресуге жалғыз адамның шамасы келмейді. Барлығымыз жұмылған жұдырықтай ғасыр дертімен күресуіміз керек. Дүниедегі ең қымбат нәрсе ол сенің өмірің. Сенің өмірің ол өз қолыңда



- Жаңа ғасыр, жаңа заман бүгін,  
Біз тілейміз ұрпақтың  
амандығын.  
Ей, болашақ!  
Саулығың өз қолыңда,  
Жаламасын тәніңді у, саныңды  
мұң.  
Нашақорлық - жайылған індет,  
білем,  
Жоймай оны жақсылық күнжөк,  
білем.  
Ұланымыз туған еліміздің,  
Нашақорлық жойылсын!- өктем  
үнім.  
Салауатты өмірдің әнін тыңдап,  
Арманымыз ұшып жүр көкте  
бүгін.



# Дереккөздөр

- ↑ Мынаған өту:<sup>abc</sup> Lexicon of alcohol and drug terms (ағыл.). World Health Organization. Басты дереккөзінен мұрағатталған 22 тамыз 2011. Тексерілді, 20 қараша 2010.
- ↑ “Термины по вопросам, связанным с зависимостью от алкоголя, наркотиков и других психоактивных веществ (орыс.). *Психологическая энциклопедия*. Мир словарей. — перевод Lexicon of alcohol and drug terms от ВОЗ на русский язык.. Басты дереккөзінен мұрағатталған 22 тамыз 2011. Тексерілді, 20 қараша 2010.
- Жоғарыға көтеріліңіз ↑. *Richard Stracke*. The Laud Herbal Glossary)
- Жоғарыға көтеріліңіз ↑ *Francis Edmund Anstie*. Stimulants and Narcotics: their mutual relations— 1865.
- Жоғарыға көтеріліңіз ↑ *De Furore*, cap VI (лат.). Басты дереккөзінен мұрағатталған 2 тамыз 2011. Тексерілді, ???.
- Жоғарыға көтеріліңіз ↑ *Правительство РФ* Постановление N 681 (орыс.). "Об утверждении перечня наркотических средств, психотропных веществ и их прекурсоров, подлежащих контролю в Российской Федерации" (30 июня 1998 г). Тексерілді, 18 қазан 2010.
- Жоғарыға көтеріліңіз ↑ Значение слова Наркотик (Narcotic) орфографическое, лексическое прямое и переносное значения и толкования (понятие) слова из словаря Медицинский словарь
- Жоғарыға көтеріліңіз ↑ Доклад Международного комитета по контролю за наркотиками 2009 ж (орыс.). *PDF*. Басты дереккөзінен мұрағатталған 2 тамыз 2011.



# НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!

